

Тимирязев аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 қарашадағы № 8/8 "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2026 жылғы 27 шілдедегі № 38/1 шешімі

Тимирязев аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 қарашадағы № 8/8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7640-15 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

7-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жан басына шаққандағы орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленетін ең төменгі күнкөріс деңгейінің бір еселенген мөлшерінің шегінен аспайтын, біржолғы жан басына шаққандағы табысы ескеріле отырып, толық мемлекеттік қамтамасыз етудегі адамдарды қоспағанда, азаматтардың мынадай санаттарына әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) әлеуметтік маңызы бар аурулары бар адамдарға жылына бір рет;

2) жан басына шаққандағы орташа табысы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төменгі күнкөріс деңгейінің бір еселенген мөлшерінің шегінен аспайтын адамдарға (отбасыларға) бір рет беріледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай мұқтаж азаматтардың келесі жекелеген санаттарына көрсетіледі:

1) табиғи зілзала салдарынан зардап шеккен азаматтарға (отбасыларға) бір рет тұрғын үй (тұрғын үй құрылысы) иелерінің біріне 100 (жүз) айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде;

2) өрт салдарынан зардап шеккен азаматтарға (отбасыларға) бір рет тұрғын үй (тұрғын үй құрылысы) иелерінің біріне 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде;

3) адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындаған, диспансерлік есепте тұрған жұқтырған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне ай сайын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 (екі) еселенген мөлшерінде;

4) "Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ-112 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25167 болып тіркелген) сәйкес II, II А және IV клиникалық топтағы қатерлі ісігі бар азаматқа мерзімді (жылына бір рет) 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) туберкулезбен ауыратын және амбулаториялық емделіп жатқан адамдарға ай сайын 6 (алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Әлеуметтік көмек табыстары ескерілмей азаматтардың келесі санаттарына көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көрсетілген, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген адамдарды қоспағанда, басқа да адамдарға, сондай-ақ жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтардағы мүгедектігі бар балаларға абилитациялау мен оңалтудың әзірленген жеке бағдарламасында санаторийлік-курорттық емдеу көзделмеген жағдайда, өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша емдеу-профилактикалық ұйымының ұсынымына сәйкес санаторийлік-курорттық картасынан үзінді көшірмені және шот-фактураны ұсына отырып, Қазақстан Республикасының санаторийлерінде (профилакторийлерінде) санаторийлік-курорттық емделуге санаторийлік-курорттық емделу құны мөлшерінде, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде, жылына бір рет;

2) ақшалай көмек түріндегі әлеуметтік көмек:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының

ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көрсетілген басқа да адамдарға, 1979 жылғы 1 желтоқсан - 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілерді, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына кірмеген жұмысшылары мен қызметшілерін қоспағанда, Семей ядролық сынақ полигоны аймағында зардап шеккен адамдарға емдеу-профилактикалық ұйымдарының жолдамасы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында теміржол, автомобиль жолаушылар көлігімен (таксиден басқа) жөнелту станциясынан ауруханаға жатқызылатын жерге дейін және кері жол жүрудің нақты құнын өтеуге жылына бір рет жол жүру фактісі расталған кезде (жол жүру билеті, электрондық жол жүру билеті, билеттердің төленгенін растайтын банк шотынан үзінді көшірме) және ауруханаға жатқызылғанын растайтын құжаттарды (емдеу-профилактикалық ұйымынан үзінді көшірме және басқа да құжаттар) ұсынған кезде, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген санаттарға жататынын растайтын құжаттың негізінде;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көрсетілген басқа да адамдарға, 1979 жылғы 1 желтоқсан - 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да елдерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілерді, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына енбеген жұмысшылары мен қызметшілерін қоспағанда, тіс протездеудің нақты құнын өтеуге мезгіл-мезгіл (жылына бір рет), 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде, асыл металдардан, металлкерамикадан және металлакрилден жасалған протездерді қоспағанда, тіс протездеуді жүргізуге лицензиясы бар ұйымнан тіс протездеуге ақы төленгенін растайтын құжаттарды (шарт, фискалдық чек), орындалған жұмыстар мен пайдаланылған материалдардың түрлері міндетті түрде көрсетілген жағдайда;

дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған тізбесіне енгізілмеген,

емдеуші дәрігердің рецепті бойынша мамандандырылған емдік тағам тағайындалған мүгедектігі бар балаларға ұсынылған шот-фактураға сәйкес ай сайын, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде;

3) басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне жеңілдіктер бойынша теңестірілген ардагерлерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, сондай-ақ "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көрсетілген өзге де адамдарға, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген адамдарды қоспағанда, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге және отын сатып алуға жұмсалған шығындардың орнын толтыруға ай сайын 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек;

4) жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы, сондай-ақ жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтардағы мүгедектігі бар баланы алып жүретін заңды өкілдердің біріне емдеу рәсімдерінің құнын қоспағанда, тұруға және тамақтануға нақты жұмсалған шығындар мөлшерінде, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде, санаторийлік-курорттық ұйым берген құжат ұсынылған кезде жылына бір рет әлеуметтік көмек көрсетілсін."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының төрағасы

А. Асанова